

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№ 164

Жеке тектік қоры

«20» 11 2006 ж

Федянин Ким Николаевич 1938 жылы 13 сәуірде Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданы Жымпиты ауылында дүниеге келген.

1958 жылы Жымпиты орта мектебін бітірді. Осы жылы А.С.Пушкин атындағы Орал мемлекеттік педагогика институтына түсіп, 1963 жылы физика және өндіріс негіздері мамандығын алып шықты.

Еңбек жолын өзінің білім алған Жымпиты орта мектебінен 1963 жылы бастап 2004 жылдың қыркүйек айына дейін 41 жыл үздіксіз жемісті еңбек жасап, зейнеткерлікке шықты. 10 жыл бойы Жымпиты орта мектебінің директоры болды.

Ким Николаевич жасақтаған физика кабинеті тек аудан көлеміндегі емес, облыс бойынша уақыт талабына сай жабдықталған кабинет атанды.

Облыстық педагогикалық оқуларға бірнеше рет қатысып, жасаған баяндамалары әрдайым марапатқа ие болды. 1970 жылы Семей қаласында өткен республикалық педагогикалық оқуға қатысты.

1984 жылы Қазақ ССР-і халық ағарту ісінің үздігі белгісімен марапатталды.

Жаңашыл ұстаз СССР, Қазақстан республикасы білім министрлігінің, бірнеше рет облыстық, аудандық қоғамдық ұйымдардың құрмет грамоталарымен мадақталған. Штаттан тыс әдіскер. Бірнеше рет аудандық Кеңестің депутаты болып сайланды.

1978-1983 жылдары жаңашыл ұстаздың фотосуреті облыстық білім жетілдіру институты мен аудандық білім бөлімінің құрмет тақтасында тұрды.

Облыстық V, VI мұғалімдер съезінің делегаты, жоғарғы санатты ұстаз. Ким Николаевич республика, облыс көлеміне танымал шәкірттер тәрбиелеп шықты, соның ішінен ғылыми атақ алған К.Молдашев, К.Өтеулин, Г.Г.Граф, Ю.Соколов, А.Беляев т.б. атауға болады.

Ким Николаевич зайыбы Сапура Хусайынқызымен алты ұл-қыз тәрбиелеп, немере-жиен сүйіп, бақытты ата-ана болып отырған өнегелі жандар.

Тізімдемеге 7 (жеті) сақтау бірлігі, 91 (тоқсан бір) есеп бірлігі, соның ішінде 26 фотосурет енгізілді.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының директоры:



Ғ.Рамазанов